

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Маңғыстау облысы

№030240000329/220852/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 30.05.2022 жылғы № 01-25-01 /60-п сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары Асаинов Арсен Мажитович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Тендер 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Шаминов Шакир Бурибаевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2022-06-01» жыл № 7701429-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 7 550 144.00 (жеті миллион бес жүз елу мың жүз қырық төрт тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 808 944.00 тенге (сегіз жүз сегіз мың тоғыз жүз қырық төрт тенге нөл тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 226 504.32 (екі жүз жиырма алты мың бес жүз төрт тенге отыз екі тиын) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 226 504.32 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

өлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;



8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 547-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікке (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкесінгі тұрғысынан бақылау мен тексеру жұмыстарын электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7-бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік



құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жанасына ауыстырады.



6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ демпингке қарсы шаралар қабылданған жағдайда (бар болса) қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың



орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

7.9 Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісті емес сападағы тауарды, осы Шарттың 6.2-тармағы орындалмаған жағдайда, атауына және/немесе техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін тауарды не жиынтықталмаған тауарды жеткізген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлейді.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.



9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.



12.7 Жеткізуші Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы барлық шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбының (және/немесе айыппұлдың және/немесе өсімпұлдың) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалу арқылы түпкілікті есеп айырысу сомасын азайтуға келіседі.

12.8 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.9 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.10 Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша қаралуға жатады.

12.11 «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Тапсырыс берушінің рұқсаттама бюросында Өнім берушінің жүргізушісіне біржолғы рұқсаттаманы ресімдей отырып және жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып, Тапсырыс берушінің қоймасына тауарды жеткізу кезінде Тапсырыс беруші кәсіпорнының күзетілетін объектілерінің аумағына кіру жұмыс күндері сағат 08:00-ден 15:00-ге дейін (түскі үзіліс сағат 12:00-ден 12:45-ке дейін) бөгде жүгі жоқ жүк автокөлігімен ғана жүзеге асырылады.

12.12 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

12.13 Жазбаша хабарламада тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

12.14 Тараптар негізгі талаптары пара беруге тыйым салу, пара алуға тыйым салу, коммерциялық параға сатып алуға тыйым салу және парақорлықта делдалдыққа тыйым салу болып табылатын ҚР Қылмыстық кодексінде, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауы тиіс. Тарапта сыбайлас жемқорлық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

12.15 Шарттың қолданылу мерзімі ішінде шот-фактураларды ұсынған күні ҚҚС төлемейтін өнім беруші ҚҚС төлеуші болып табылса да Тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ұлғаюына жатпайды.

12.16 Егер Жеткізуші шот-фактураларды ұсынған сәтте ҚҚС төлеуші ретінде есептен шығарылған жағдайда, тауар бірлігінің бағасы және осы Шарттың жалпы сомасы ҚҚС бағасында бұрын көрсетілген сомаға азайтылады.

12.17 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу



мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.18 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Мангистауская область, г.Ақтау,
Промышленная зона 7, 65
БСН 030240000329
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ966010231000017128
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: 8 7292 564 778
Бас директордың қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары Асаинов Арсен Мажитович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):
"Тендер 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, АЙТЕКЕ БИ, 187
БСН/ЖСН 220140009745
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ618562203116373560
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 87273270506
Басшысы Шаминов Шакир Бурибаевич

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 7701429-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2022 қаржылық жыл												



47354987-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.3сп, диаметрі 10-19 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1140007 Шеңбер 10мм ст.3 МЕМСТ 2590-2006 «Ыстықтай илектелген жоғары сапалы болат шеңбер. Сортамент»қарапайым сапалы ст.3 құрылымдық көміртекті болат дәнекерленген және дәнекерленбейтін конструкциялар үшін жүк көтергіш және жүктемейтін элементтерді өндіру үшін қолданылады. Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбердің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.3	670 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.3)	0	201 264.00
2022 қаржылық жыл												



47354429-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Швеллер	болат, ыстықтай жәмішсымдалған, сөрелердің параллельді қырларымен, швеллер нөмірі 27	1111061 Ыстықтай илектелген швеллер №27 МЕМСТ 8240-97 МЕМСТ 8240-97 «ыстықтай илектелген швеллер Сортамент» . Міндетті талап:Швеллердің ұзындығы 12метр. Швеллердің беті көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Швеллердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде табақ мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Швеллерде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс.Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес	Тонна (метр)	1	693 280.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (1)	0	693 280.00
2022 қаржылық жыл												



47356854-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.20, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1140090 Шеңбер 150 Ст.20 МЕМСТ 2590-2006 - сапалы көміртекті конструкциялық болат.Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбеодің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге , қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді.Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	1	781 760.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (1)	0	781 760.00
--------------	--	--------	---	---	--------------	---	---------------	---	---	---	---	---------------

2022 қаржылық жыл



47355012-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.3сп, диаметрі 10-19 мм, ыстықтай жәмішымдалған	1140009 Шеңбер 18мм ст.3 МЕМСТ 2590-2006 «Ыстықтай илектелген болат шеңбер». Сортамент »қарапайым сапалы құрылымдық көміртекті болат дәнекерленген және дәнекерленбейтін конструкциялар үшін жүк көтергіш және жүктемейтін элементтерді өндіру үшін қолданылады. Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбердің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ тұктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.2	670 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	134 176.00
2022 қаржылық жыл												



47298740-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.3сп, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1120132 Шеңбер 60 ст.3 ГОСТ 2590-2006 «Ыстықтай илектелген жоғары сапалы болат шеңбер. Сортамент» қарапайым сапалы құрылымдық көміртекті болат дәнекерленген және дәнекерленбейтін конструкциялар үшін жүк көтергіш және жүктемейтін элементтерді өндіру үшін қолданылады. Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбердің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ тұктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.2	670 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	134 176.00
2022 қаржылық жыл												



47381516-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Болат табағы	маркасы Ст.3сп, қалыңдығы 0,40-12 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1170008 Болат табағы 2,5 Ст.3 МЕМСТ «Ыстықтай илектелген болат табағы. Сортамент» Болат табағының мөлшері 2,5*1250*2500. Міндетті талап: Табақтың беті көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Табақ тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Табақ түзу болуы тиіс. Табақта қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	1	782 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (1)	0	782 880.00
--------------	--	--------------	---	--	--------------	---	---------------	---	---	---	---	---------------

2022 қаржылық жыл

47375544-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Болат табағы	маркасы Ст.40, қалыңдығы 12-60 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1340004 Болат табағы 60 ст.40 МЕМСТ 19903-2015 «Ыстықтай илектелген болат табағы. Сортамент»Болат табағының мөлшері 60x1500x6000мм.Міндетті талап: Табақтың беті көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Табақ тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Табақ түзу болуы тиіс. Табақта қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес	Тонна (метр)	4.3	827 680.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (4.3)	0	3 559 024.00
--------------	--	--------------	--	---	--------------	-----	---------------	---	---	---	---	-----------------

2022 қаржылық жыл



47357098-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.20, диаметрі 10-19 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1140011 Шеңбер 14 мм ст.3 МЕМСТ «Ыстықтай илектелген болат шеңбер» қарапайым сапалы құрылымдық көміртекті болат дәнекерленген және дәнекерленбейтін конструкциялар үшін жүк көтергіш және жүктемейтін элементтерді өндіру үшін қолданылады. Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбердің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбердің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.2	670 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.2)	0	134 176.00
2022 қаржылық жыл												



47372998-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.Зсп, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1140080 Шеңбер 130 Ст.3 МЕМСТ 2590-2006 қарапайым сапалы құрылымдық көміртекті болат дәнекерленген және дәнекерленбейтін конструкциялар үшін жүк көтергіш және жүктемейтін элементтерді өндіру үшін қолданылады. Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбеодің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	0.6	670 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (0.6)	0	402 528.00
2022 қаржылық жыл												



47356941-ОИ4	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты-Қазатомөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	болат, маркасы Ст.20, диаметрі 32-270 мм, ыстықтай жәмішсымдалған	1141046 Шеңбер 200 ст.20 МЕМСТ 1050-2013-Міндетті талап: Шеңбердің беті (сыртқы және ішкі) көзбен шолып қарауды қиындататын ластанудан бос болуы тиіс. Шеңбеодің бетінде, егер олар бақылау арқылы тазарту кезінде шеңбеодің мөлшерлері бойынша шекті ауытқудан шығарса, майысуға, түзету іздеріне, ұсақ түктерге, қатерлерге, сызаттарға жол берілмейді. Шеңбер тік кесіліп, қылшықсыз кесілуі тиіс. Шеңбер түзу болуы тиіс. Шеңберде қатпарлар, нығыздауыштар, жарықтар, көпіршіктер, қаяулар және басқа да ақаулар болмауы тиіс. Саны бойынша ауытқуға жол беріледі (төзімділік): -10% (минус он пайыз), бірақ бүтін саннан (металл прокат) кем емес.	Тонна (метр)	1	726 880.00	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	ТМҚ қажеттілігі жөніндегі тапсырыс бойынша бастап 30 күнтізбелік күн ішінде	Маңғысыстау облысы, Ақтау қ. Өнеркәсіптік аймақ 7, "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС, ЖЭО-2, орталық қойма. (1)	0	726 880.00
--------------	--	--------	---	--	--------------	---	------------	---	---	---	---	------------



Договор о государственных закупках товаров

Мангистауская область

№030240000329/220852/00

Товарищество с ограниченной ответственностью "Мангистауский атомный энергетический комбинат-Казатомпром", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Заместитель генерального директора по обеспечению Асаинов Арсен Мажитович, действующий на основании доверенности №01-25-01/60-п от 30.05.2022 г., с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Тендер 2030", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Шаминов Шакир Бурибаевич, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2022-06-01 года № 7701429-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

